

Зеренді аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 ақпандағы № 10-83 "Зеренді ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 қазандағы № 28 -211 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қарашада № 6827 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 13-95 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 26.12.2023 № 13-95 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зеренді аудандық мәслихатының "Зеренді ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 6 ақпандағы № 10-83 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5756 тіркелген, 2017 жылғы 3 наурызда "Зерделі–Зеренді", "Зерен" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Зеренді ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық

нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға,";

7-тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын;

8-тармақтың б-абзацы алынып тасталсын;

9-тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын;

9-тармақтың 9) тармақшасының 5-абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"онкологиялық аурулары бар (онкология және онкогематология), стационар жағдайында арнайы емдеуден өтіп жатқан азаматтарға науқас тарихы үзіндісі негізінде жылдың ішінде 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір жолғы,";

9-тармақтың 9) тармақшасының 7-абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"халықтың (отбасыларының) аз қамтылған, әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын колледж студенттеріне, Зеренді ауданында жұмыс істеулерін ескере отырып, шығындарды жүз пайыз өтеумен, төлемдер "Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, жұмыс беруші мен студент арасындағы жұмысқа орналастыру туралы үш жақты шарт негізінде жүргізілсін. Жоғары оқу орнында оқуын жалғастырған жағдайда, үш жақты шарт, оқуды аяқтағаннан кейін беріледі. Үш жақты шартты оқуға жаңадан түскен студенттер ұсынады,";

10-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"10. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Зеренді ауданының әкімдігі бекіткен тізім бойынша көрсетіледі.";

12-тармақ келесі мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) "Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, жұмыс беруші мен студент арасындағы үш жақты шарт."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Э.Халелова

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Қ.Ауғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Зеренді ауданының
әкімі*

М.Мұстафин

2018 жылғы "11" қазан

